

**"Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2014 жылдың сәуір – маусымында және қазан – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 768 Жарлығын іске асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 285 қаулысы

«Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2014 жылдың сәуір – маусымында және қазан – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 768 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері әскерге шақыру комиссияларының жұмысын ұйымдастырсын және саны 25181 адам әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2014 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында әскери қызметке шақыруды жүргізуді қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.12.12 № 1301 қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі әскерге шақырылушыларды жинау және әскерлерге жөнелту орындарында ішкі істер органдары қызметкерлерінің күшейтілген кезекшілігін ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен әскерге шақыру пункттерін медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.12.12 № 1301 қаулысымен.**

4. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтінімдері бойынша мерзімді әскери қызметтің запасқа шығарылған әскери қызметшілерін және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетіне әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдауды қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.12.12 № 1301 қаулысымен.**

5. Қазақстан Республикасы Қорғаныс, Ішкі істер министрліктері мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарды, сондай-ақ мерзімді әскери қызметтің запасқа шығарылған әскери қызметшілерін тасымалдауға арналған шығыстарды өтеуді республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаржы бөлу шегінде тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға тікелей олар ұсынған шоттар бойынша жүргізсін.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.12.12 № 1301 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК